

«Бобек дупілі» жеке меншік
жеке меншік балабақшасының
менгерушісі: Оспанова Е.Т.



2023 - 2024^{ж.ж.} оқу жылына психолог жұмысының жылдық жоспары

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- педагогтер мен отбасы арасындағы қолайлы қарым-қатынас жағдайында оқушылардың салауатты психологиялық қызмет етуі мен дамуына ықпал ету; психологиялық мәдениетін арттыру.

Тапсырмалар:

- мектеп жасына дейінгі балалардың құрдастар арасында бейімделуі мен әлеуметтенуі үшін жағдай жасау;
- мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық интеллектін дамыту;
- ата-ананың баламен қарым-қатынасындағы мінез-құлық қатынасын түзету;
- Жеке бейімділіктерін түзету және педагогтердің өзін-өзі реттеу мотивтерін ынталандыру.

№/пп	Шарасы	Өткізу мерзімі (аталған оқу жылында)
1.	Құжаттамамен жұмыс	
1.1	Психолог кабинетінің жаңа оқу жылына дайындығы: көрнекілік, үлестірмелі материалдар, құрал-жабдықтар, кабинетті кесімдеу.	Биылғы оқу жылы басталғанға дейін тамыз.
1.2	Жылдық жұмыс жоспарын құру.	Биылғы оқу жылының басы.
1.3	Түзету сабақтарының кестесін, циклограммасын құрастыру және оны балабақша әкімшілігімен келісу.	Осы оқу жылының қыргүйек айының бірінші жартысы.
1.4	Жеке, топтық зерттеу карталарын толтыру.	Бала дамуын диагностикалау барысында.
1.5	Маршруттық парақтарды, жеке даму карталарын дайындау.	Оқу жылының басында даму диагностикасының қорытындысы бойынша.